

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 қазандағы N 1593 Қаулысы

"2009 - 2010 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына, "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы N 220 қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасының саяси тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне Қазақстан Республикасының аумағында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Жедел ден қою ұжымдық күштерімен "Өзара іс-қимыл - 2009" бірлескен кешенді оқу-жаттығуын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында делегациялар үшін тікұшақтарды және Алматы қаласы - Мәтібұлақ полигоны - Алматы қаласы бағыты бойынша бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін тасу үшін автобустарды жалға алуға 2009 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 26147200 (жиырма алты миллион бір жүз қырық жеті мың екі жүз) теңге сомасында қаражат б ө л і н с і н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2180 Қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*